

«ӨЗ ЕЛІМ» ДЕП ШЫРҚАДЫ ӨЗГЕ ҰЛТТЫҢ ҰЛ-ҚЫЗЫ



Азамат Қасым

Бүгінде Шығыстан күннің ғана емес, талай игі бастаманың шығатынына жұрт таңғалмайтын болды. Кез келген салада көшбасшылар қатарынан көрінуді мұрат тұтқан Шығыста бұрнағы күні ерекше бір мәдени шара ұйымдастырылды. Шаһардағы «Үлбі» орталық мәдениет үйінде ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай «20 жұлдызды күн» («Келісім») шарасы аясында облыстық мәдениет басқармасының ұйтқы болуымен елімізде тұңғыш рет өзге ұлт өкілдерінің өнерпаздарының қатысуымен «Өз елім» атты республикалық фестиваль өтті.

Ұлт өнерін ұлықтаған шараға облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ арнайы қатысты. Төр Алтай бауырындағы фестивальге еліміздің түкпір-түкпірінен ана тілімізді ардақтайтын, ұлттық өнерімізді құрмет тұтатын өнер иелері жиналды. Өңір өнерпаздары да аталған өнер сайысы-

нан тыс қалған жоқ. Фестивальдің ерекшелігі сол – қатысушылар тек ана тілімізде ән шырқап, ұлтымыздың ұлық билерін мың бұрала биледі.

Керекуден келген Евгений Кривобоков, Александр Верещак, Алматы облысынан ат

арылқан Кибар Ишагов, Ксения Архипова мен Шымкент қаласының атынан сынға түскен Татьяна Баркая өнерсүйер қауымды бейжай қалдырған жоқ. Халық әндерін де, эстрада жанрындағы әндерді де әуелете шырқады.

(Соңы 2-бетте)

«Өз елім» деп шырқады өзге ұЛТТЫҢ ҰЛ-ҚЫЗЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Бүгін біз тамаша бір кештің куәсі болдық. Еліміздегі өзге ұлт өкілдерінің өнерпаздары ана тілімізде ән шырқап, өздерінің ұлттық өнерімізге жетік, мәдениетімізге қанық екендіктерін көрсетті. Ең бастысы қазақтың тілі мен өнерін меңгерудің мәртебелі іс екенін айғақтады. Барлығы – тек ықылас-ниетте. Ниет болса, кез келген халықтың тілін де, өнерін де меңгеру қиын дүние емес. Өңірімізде республикада алғаш болып өткізіліп жатқан «Өз елім» фестиваліне алыстан ат арытып келген қонақтарға зор алғысымды білдіремін. Өнерлеріңіз әр уақытта үстем болсын. Енді бұл фестиваль біздің облыста жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін болады. Себебі өзге ұлт өкілдері ана тілімізде ән шырқап, дәстүрлі өнерімізді құрметтеп жатса, біздің осындағы өз тілі мен өнерін өгейсітіп жүрген қазақтарға аз да болса, бір түрткі болады деп ойлаймын. Алдымызда – үлкен мереке. Соған орай облысымыздың түкпір-түкпірінде түрлі іс-шаралар өткізіліп жатыр. Мереке құтты болсын. Барлықтарыңызға береке, табыс тілеймін, – деді облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ фестиваль соңында сөйлеген сөзінде.

Аймақ басшысы күйімізді күмбірлетіп, әнімізді әлдилеген әрбір өнерпазға құрмет көрсетті. Қарағандылық Қазбек Талашев «Елім менің», семейлік Ольга Сағындықова «Өлең сөздің патшасы», Алматы облысынан келген өнерпаздар Ксения Архипова «Қазақтың әні – халықтың жаны» және Кибар Ишигов «Ғасыр пернесі», керекулік Евгений Кривобоков «Көрермен көзайымы», тағы бір семейлік өнер иесі Анастасия Фишер «Өресі биік өнер» және шымкенттік Татьяна Баркая «Әсем ән» аталымдары бойынша марапатталды. Өзге қатысушыларға облыс Әкімінің Алғыс хаттары мен естелік сыйлықтар табыс етілді. Фестиваль соңында шараға қатысқан өнерпаздар бірауыздан үндеу қабылдады. Төр Алтай бауырындағы алғашқы фестивальге алғаш қатысқан өнер иелері алған әсерлерімен бөлісті.

– Бұл фестиваль елімізде тұңғыш рет өткізіліп отыр. Мен бұл шараға бір жарым ай бойы дайындалдым. Кеш жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Өскеменге алғаш рет келіп отырмын. Ерекше әсердемін. Бір өкініштісі, барлық облыстың үміткерлері келе алмады. Менің ойымша, мемлекеттің тілі мен өнерін білу, құрметтеу баршамыздың міндетіміз. Әрине, қазақтың ғажап тілінің қадіріне жетпей, ана тілінде алқына сөйлейтін отандастарымыздың бары жанымызға батады, – дейді Қазбек Талашев.